

ҰЛТТЫҚ МҰРАНЫҢ ҰРПАҚТАН-ҰРПАҚҚА ЖЕТУІ – РУХАНИ МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУ КӨЗІ

*Мадибекова А.М., студент
Амангелдиева Г.С., оқытушы
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қазақ халқының ұлттық рухани мұрасы: мәдениеті, тілі, этнопедогогиканы дана халқымыз баға жетпес рухани мұрамыз ретінде сақтап, ұрпақтан ұрпаққа мирас етіп қалдырып келген. ХҮІ – ХҮІІ ғғ қазақ халқының мәдениеті – қазақ жерінде өмір сүріп, қазақ ұлтын құраған рулар мен тайпалардың материалдық мәдениеті мен рухани мәдениетінің заңды жалғасы. Ол жаңа заманға сай дамып отырды. Қазақ халқының мәдениеті - өзіндік сипаты бар дәстүрлі мәдениет. Қазақ халқының өзіне тән материалдық және рухани мәдениеті де дамып, жетіліп отырды. Қазақ халқының қалыптасуына байланысты, қазақ халқына тән материалдық және рухани мәдениеттің сипатты белгілері орнықты. Бұл қалыптасқан мәдениет қазақ халқының өз ата – бабаларының мәдени қазыналарын қамтыған мәдениет болды. Қазақ халқының мифтік аңыздары, аспан әлемі жөніндегі түсініктері, байырғы қазақ күнтізбесі, бай әдеби мұралар, көркемөнердің сан алуан түрлері, шежірелік шығармалар, халық емшілігі және материалдық мәдениет мұралары ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан көне мәдениет куәліктері екені анық. Халық бұқарасы материалдық мәдениет, рухани мәдениет жетістіктерінің жасаушылары болды. Рухани мәдениетке музыка, әдебиет, сәулет өнері, сурет өнері, кескін өнері жатса, адам баласының шаруашылыққа байланысты күнкөрісінен туған дүниелері материалдық мәдениетті құрайды. Қазақтың дәстүрлі мәдениеті, құдайға шүкір, ешкімнен кем емес. Мысалы, эпос жанрын алайық. Айтатынымыз да, мақтан ететініміз де – осы эпостарымыз. Кең қарымды, кең құлашты, қазіргіше айтқанда – поэмаларымыз. Әлемде эпос тудырған халықтар саусақпен санарлық. Батысымызда байырғы гректер «Иллиада» мен «Одессеяны» тудырса, Шығысымызда үнділер «Махабхарата» мен «Рамаянаны» тудырған, одан кейін Шығыс Европада «Үлкен Этта», «Кіші Этта», «Каллевала» сияқты құранды эпостар туған. Эпостық жырлары бар елдер осылар ғана. Мүйізі қарағайдай «ұлы орыс» халқының «Игорь жорығы туралы жыры» бар болғаны 8-ақ бет болса, мен қарасөзге айналдырған «Алпамыс батыр» эпосы 800 бетті құрады [1]. Мінеки, эпос деген осы. Эпостардың туу себебіне қатысты үлкен-үлкен өте жақсы ғылыми зерттеу еңбектер жазылған. Эпос – соны тудырған елдің этникалық қарымының нәтижесі. Демек, Евразияның ұлы даласындағы бабаларымыздың сөз өнерінің асқақ биігін туындатқанын байқаймыз. Тіпті, Европа әдебиетінің тарихына қарасаңыз, бірінші ауыз әдебиеті, содан кейін жазба әдебиеті дейді. Ал, бізде ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасында бес ғасыр жыраулар поэзиясы жатыр. Аталған бес ғасыр поэзиясы - тәңір тектес асқақ, сөз өнеріміздің ұлы құдіретті сипаты. Екінші, дәстүрлі мәдениетімізді, яғни қолөнеріміз жайлы ауыз толтырып айта аламыз. Қолөнер мәдениетіміз өте тереңнен бастау алады. Скифтің алтынмен апталған, күміспен күптелген дүние мүліктерінен бастап, өзіміздің күні кешеге дейін әке-шешеміз тіккен киіз үй – қолөнердің ең ұлы шыңы. Киіз үйдегі сүйектен, ағаштан, киізден, шиден т.б. жасалған қажетті заттардың бәрінен құрастырылған ғажайыпты ақыл-ойдың нәтижесі, табысы деп қабылдауға болады. Қазақ халқының дүние-танымы мен дәстүрлі мәдениетінің рухани тамырлары мен бастау көздері ежелгі сақ, ғұн және ортағасырлық түркі мәдениетінде. Әсіресе, ортағасырда барлық түркі халықтарының бірігіп, бір суперэтносқа ұйысқан кезеңнің орны бөлек. Елбасы Н. Назарбаев ғасырлар тоғысының Түркі қағанатының 1450 жыл толуы қарсаңында жазылған «Тарих толқынында» еңбегінде былай деп жазды: «Біздің бәріміздің де мақтаныш етуімізге тұрарлық мол мұрамыз бар. Өйткені ата-бабаларымыз адамзат тарихында өшпес із қалдырып кеткен, Еуразия құрылығындағы халықтардың тағдырына орасан зор күшті әсер еткен». Үшіншісі, музыкалық мәдениеті. Музыкалық мәдениетіне мен екі-үш ақ мысал келтірейін: сіздер ол мәдениеттің тектілігін, терең асыл екендігін пайымдайсыздар[2]. Қазақ халқы қазақ атауын иемденбей тұрған кездің өзінде-ақ осы далада домбыра тартылып, күй жанры туған. Күні бүгінге дейін орыс, татар сияқты өзіміздің бұрынғы Кеңес одағының аясындағы елдерді алсақ, осылардың дәстүрлі музыкасында күй жанры, яғни аспапты музыка жанры жоқ. Орыстар балалайканы қолға алып, жерді бір теуіп, частушка айтады, бар музыкасы осы ғана. Ал, күй деген – музыкадан сөзсіз бөлініп шыққан дыбыс, музыкалық жанрдың дүниеге келуі. Бұл бейнелеп айтқанда

сөз өнерінде роман, эпопея жанрының дүниеге келгені сияқты.

Қазақ тілінің байлығы – қазақ халқының, қазақ ұлтының байлығы. Осы байлықты бағалай білуіміз керек. Сонда ғана біздің Қазақстан кез келген жұртпен иық теңестіре алатын іргелі ел бола алады. «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген Ахмет Байтұрсынов данамыздың сөзі де ұлттық рухани мұрамыз, ана тілімізді қадірлеуге, қастерлеуге шақырады. Қазақ тілі – дамыған, жетілген, бай, икемді тілдің бірі. Бұл пікіріміздің растығын кезінде кемеңгер Абай дәлелдеген болатын. Ол Пушкин, Лермонтов, Крыловтардың шығармаларын аударып бір дәлелдесе, солардай етіп, сөздің майын тамыза жазу арқылы екінші рет дәлелдеді [3]. «Тіл ақылдың өлшемі» деп халқымыз бекер айтпаған. Олай болса, тіл мәдениетіне жастарды тәрбиелеу көркем - әдеби шығармаларын көптеп оқумен байланысты. Себебі көркем - әдеби туындыларды аз оқитын оқушылардың сөздік қоры аз, осыған орай, олардың дүние танымы да, сөйлеу мәдениеттілігі мен өз ойын логикалық баяндауы да төмен екендігі байқалады. Өйткені ақылдың көзі ойда. Логикалық жүйемен дұрыс ойлай білу тіл мәдениетін қалыптастырады. Дұрыс ойланып сөйлеген адамдар өз ойын толық жеткізе алады және өзін басқаларға тыңдатады да, өзі басқаның ойын тыңдай біледі. Елбасымыз Н. Ә Назарбаев «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде» деген сөзі түсінген адамға көп мағына жатыр. Тілдің көмегімен өнер – білімді, ғылымды игереміз, өткен – кеткенімізді саралап, сабақ аламыз. Біз өз тілімізді құрметтей отырып, дініміз бен салт дәстүрімізге, тарихымызға көптеп үңілетін болсақ және оны өзіміз танып қана қоймай, сол асыл қазынамызды әлемге танытсақ келешек ұрпақ үшін көп жұмыс атқарған болып саналамыз [3]. Өйткені өз тілін, дінін, тарихын жақсы білмеген адам басқа тілдің қадірін білу мүмкін емес.

Әр халықтың ғасырлар бойы мысқылдап жиналып, бейне бір арнасы кең өзендей асқар таудай болып қалыптасқан өзіне тән салт-сана, дәстүрлері болады. Бұл салт-сана, дәстүрлер сол халықтың адам тәрбиесі, адамгершілік дүниеге, өмірге көзқарасы мен рухани күйінен туған. Сол үшін де ол халықтың жан дүниесінің айнасы, ұрпақтарының кәдір тұтар мұрасы болып қалады. Бірақ салт-сана, дәстүр біткеннің бәрі тапжылмайтын, өзгермейтін, қатып қалған дүние деп қарауға әсте болмайды, ол дәуірден-дәуірге, ұрпақтан-ұрпаққа өткен сайын, сол өзі өмір сүрген заманның, ортаның көзқарасына, қажетіне қарай мазмұнмағына алып, байып, жаңғырып отырады, жаңа, жас сипат алады. Яғни керектісі сақталады да, тозғаны өмір кешіне ілеспей қала береді. Мұның өзі табиғи тұрғыдан алып қарағанда заңды да. Ес біліп ақыл ұштауда, ой дүниесін толықтырып білім алуда ұрпақтан-ұрпаққа талай қилы кезең сындардан өтіп өз мағынасын сақтап келе жатқан халықтың жақсы салт-сана, әдет-дәстүрлерінің ұрпаққа берері мол. Әрбір даналық парасаттың өшпейтін себебі — сол халықтың рухани, мәдени мұраларын сақтап, оны жаңартып, жаңа өмір, жаңа адам, жаңа қоғам талаптарына қарай бағыттап, байытып қызмет істетіп отырғандықтан екені түсінікті. Сондықтан да оны қадірлеп-ардақтап таза ұстау, оған қиянат жасамау қай ұрпақтың болсын қасиетті борышы. «Халық алдында ұялу деген жақсы сезім — өзіңнен өзің ұялу, бәрінен де жақсы», - дейді Л.Толстой [2]. Халықтың, ғасырлар бойы асыл ой тамшысынан жинап, алмас қазынадай сақтаған мұрасын құрмсттеу, адамгершілігін, ұяттың не екенін естен шығармау қасиетті сезім. Халық дәстүрлері жас ұрпақты өз халқының тарихын, мәдениетін, рухани, табиғи байлығын, жерін, елін сүюге, айналасын қоршаған дүниеге адамгершілікпен қарауға, құбылыс-болмысты парасатпен тапуға, әділет шапағатқа баулиды. Қазақ Халқының ұлттық дәстүрлері көп салалы «Өнер алды қызыл тіл» деп, әуелі аталы сөзді құрметтеген. Мұнысы даналықты, ақыл-парасатты, тапқырлықты құрметтегені. Не бір асыл ой, ардақты сезім тілмен айтылған ғой. Сан-саналы ұлттық дәстүр атаулының мән-мағынасына үңіле қарасақ, онда адалдық, адамгершілік, ізеттілік, үлкенге құрмет, кішіге шапағат т.б. сияқты аса қасиетті этикалық және эстетикалық тәрбие жатқанын аңғару қиын емес. Л.Толстой айтқандай тәрбие — бір адамның екінші адамға белгілі адамгершілік әдеттерді дарыту үшін жасайтын ықпалы [1]. Ешбір халық өз ұрпағын жаман болсын, мұрасыз-мұратсыз болсын демейді. Жақсы ғұрпын дәстүр-өнеге етіп ұстайды. Бүгінгі адамзаттың асыл мұраты бостандық, тыныш өмір сүріп өсіп-өну. Сол үшін де ақ ниетті адамдар озбырлыққа, адамзат баласын жаппай қырып-жоятын қаруға, шапқыншылық соғысқа қарсы күресті өрістетіп отыр. Осының бәрі азаттық, мүддесі. Халықтың адамгершілікті жанашырлық сипаты асыл дәстүрлері міне осындай дүниенің түбегейлі мүддесімен астасып жатқанын сеземіз. Сеземіз де осындай қасиетті ойды ұрпақтан-ұрпаққа тұнық, таза қалпында жеткізуге қызмет істеуге тырысамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. – Алматы: Алматы кітап, 2007.
2. Нағымұлы Ш. Мәдениеттану. – Алматы: Алматы баспасы, 2007.
3. Ғабитов Т.Х., Мүтәліпов Ж.М. Мәдениеттану. – Алматы, Өнер, 2006.

А.СЕЙДІМБЕК ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Мажитаева Ш.М., ф.ғ.д., профессор,
Сейтім А., магистрант,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Көркем шығармаға қойылатын талаптар өте көп, соның ең бастысы – тіл шеберлігі деген сөз. Әрбір жазушының өзіндік ерекшелігі, кейіпкерлері мен образдары, тақырыбы мен идеясы – барлығы да оның тілі арқылы көрінеді.

Көркем әдебиет стилі немесе көркем сөз – ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айрықша өнер. Тіл көркем шығармада ерекше эстетикалық қызмет атқарады.

Іс-әрекет, жай-күйді баяндауда, құбылысты сипаттауда, адам бейнесін сомдауда, кейіпкер тілін сөйлетуде – қысқасы, жалпы сөз қолданысында, сөздік құрамымыздың барлығын еркін де тиімді пайдалану қай автордың болмасын басты міндеті болып саналады. Лексика-семантикалық топтардың қолданылу сипаты негізінде әр авторда әртүрлі.

Лексика-семантикалық қабаттарды, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді, тілдік көркем құралдарды ұтымды пайдалана білген жазушылардымыздың бірі Ақселеу Сейдімбек. Оның әр шығармасында өзіндік тың тіркестері мен сөз қолданыстары айқындалып, сөздердің теориялық та, лингвостилистикалық та мәні айқын ашылған [3, 95].

Көркем шығарма тілінің көпшілік мойындаған бір құндылығы – автордың онда мақал-мәтелдерді өз орнымен қолдануы. Өйткені мақал-мәтелдер – мазмұны бай, көлемі шағын, тілі көркем халық шығармасы, белгілі бір халықтың қоғамдық тіршілігін, табиғат құбылысынан жасаған қысқаша қорытындысы, әлеуметтік және адамдар арасындағы қарым-қатынастарды белгілейтін заңы, кодексі, жас ұрпақты тәрбиелейтін өсиеті, насихаты, оқулығы.

Тіл көркем шығармада оның мазмұнын бейнелеп, жарыққа шығарушы құрал. Көркем шығарма мазмұн мен форманың бірлігінен тұрса, тіл сол формалық элементтің қатарына жата тұрып, бейнелі мазмұнның құрамды элементіне айналады.

Басқа қатынастарда тіл өзінің әдеттегі, негізгі қызметін (коммуникативтік) атқарса, көркем шығармада оның үстіне эстетикалық қызмет атқарады. Оның қалайша жүзеге асатынын зерттеу – көркем әдебиет стилистикасының міндеті.

Көркем шығарма тілі сияқты күрделі, біртұтас дүниеге тұтастық тұрғысынан келгенде ғана оның мәнін, қыр-сырын анықтауға болады. Көркем шығарма тілін осылай зерттеуге «автор бейнесі» және оны түзеуге тікелей қатысы бар шығарманың «баяндау құрылымы көмекке келеді».

«Автор бейнесі» шығармадағы барлық тілдік құралдарды, стильдік құбылыстарды бір тілдік көркемдік жүйеге біріктіріп тұрушы орталық стилистикалық-эстетикалық категория, ол – шығарманың ішкі бірлігі мен сыртқы тұтастығының арқауы. Сондықтан автор бейнесінің тілдік құрылымын, жасалу жолдарын, түрлерін анықтау көркем әдебиет стилистикасының көптеген мәселелерін шешуге алып келеді [2, 87].

Зерттеушілер жазушы көркем шығармадағы жалпыхалықтық тілдің негізгі сөздік қорын, сөздік құрамын, тілдегі мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді, қанатты сөздерді қаншалықты, қалай пайдаланады, оларды қаншалықты, қалай байытты, ұстартты, оның сол байыту, ұстартуы қаншалықты заңды, жарастықты, соны тексереді. Өйткені тіл көркем шығарманың негізгі элементтерінің бірі, жазушының негізгі құралы.

Адам ойын, сезімін, әсерін, ісін жазушы осы арқылы бейнелейді. Ол өз шығармасында тілдің негізгі сөздік қорыншебер пайдаланып, сөздік құрамға әсер етіп, тілімізді жаңа сөз өрнектері арқылы байытып, дамытып отыруға тиіс.

Қай сөздің қаншалықты көркемдік деңгейіне көтерілуі оның лексикалық мағынасы мен